

**1994 жылы 21 қазанда Москва қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшылары Кеңесінің мәжілісінде қабылданған келісімдер мен шешімдерді жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 14 қарашадағы N 1286

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары 1994 жылы 21 қазанда Москва қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшылары Кеңесінің мәжілісінде қабылданған құжаттар мен шешімдерді жүзеге асыруға кірісетін болсын. Үкіметтің шешімдерін талап ететін мәселелер бойынша қосымшаға сәйкес тиісті мерзімдерде ұсыныстар енгізісін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы интеграциялық дамуының негізгі бағыттары Меморандумының Ережелерін және Мемлекеттердің Евразиялық одағын құру туралы Қазақстан Республикасының ұсынысы бойынша ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің шешімдерін, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Интеграциялық дамуының перспективалық жоспарын негізге ала отырып оларды кезең-кезеңімен жүзеге асырудың ұлттық бағдарламасы мен келісімдердің тиісті жобаларын әзірлейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының экономика министрлігі басқа министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитетін (МЭК) құру туралы келісімнің ережелерін жүзеге асыру мақсатында өзіне берілген бақылау және басшылық жасау қызметтерін атқару үшін бірінші кезектегі өкілеттіктер ауқымы бойынша ұсыныстар енгізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Ұлттық банкпен және басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп бір ай мерзім ішінде негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Төлем одағының ережелері жүзеге асатын екі жақты және көпжақты келісімдердің жобаларын әзірлейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және басқа да министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Төлем одағын құру туралы Келісім мен Экономикалық одақтық Мемлекетаралық экономикалық комитетін құру туралы Келісімді белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің

бекітуіне ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Мәдениет министрлігі мен Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, облыстар, Алматы, Ленинск қалаларының әкімдері басқа мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, Отанды қорғау кезінде қаза тапқан азаматтар мен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының құрбандарын мәңгі есте қалдыру жөніндегі шаралардың мемлекетаралық бағдарламасының іске асырылуын қамтамасыз ететін болсын. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімін талап ететін мәселелер бойынша ұсыныстар жасасын.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Мәдениет министрлігі мен Еңбек министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, аз ұлттарға жататын адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі Конвенцияның ережелерін жүзеге асыру үшін жұмыс тобын құрсын.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Экономика министрлігі мен Әділет министрлігі басқа мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, 1994 жылы 23 желтоқсанда Алматы қаласында болатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтері басшылары Кеңесі мен мемлекеттері басшыларының кезекті мәжілісінде қарауды және күн тәртібіне

енгізуді талап ететін мәселелер бойынша ұсыныстар жасасын.

9. Осы қаулының жүзеге асуына жалпы басшылық жасау Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Н.К.Есенғаринге жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

1994 жылы 21 қазанда Москва қаласында Тәуелсіз  
Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшылары  
Кеңесінің мәжілісінде қабылданған келісімдер  
мен шешімдерді жүзеге асыру жөніндегі

ТАПСЫРМАЛАР

- 1) Құжаттың атауы
- 2) Тапсырманың мазмұны
- 3) Орындау мерзімі
- 4) Жауапты орындаушылар

-----

1. 1 ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы интеграциялық дамуының негізгі бағыттары" Меморандумы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Интеграциялық дамуының перспективалық жоспары туралы шешім

2. Басшылыққа алу және орындау

3. Тұрақты түрде

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Әділет

министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, министрліктер мен ведомстволар

1. 2 Қазақстан Республикасының ұсынысы бойынша Мемлекеттердің Евразиялық одағын құру туралы шешім

2. ТМД-да интеграциялық процестерді тереңдету үшін негізгі идеяларды пайдалану

3. Тұрақты түрде

4. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары

1. 3 Экономикалық одақтың мемлекетаралық экономикалық комитетін құру туралы келісім, Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитеті туралы ереже

2. Басшылыққа алу және орындау, бекітуге әзірлеу

3. Тұрақты түрде Әзір болуына қарай

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Экономика министрлігі, Әділет министрлігі, министрліктер мен ведомстволар

1. 5 ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің Төлем одағын құру туралы келісім

2. Келісімді жүзеге асыруға кірісу

3. Тұрақты түрде

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ұлттық банкі, Экономика министрлігі

1. 7 Аз ұлттарға жататын адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету туралы Конвенция

2. Бекітуге әзірлеу  
Басшылыққа алу және орындау
3. Әзір болуына қарай  
Тұрақты түрде

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Сыртқы

істер министрлігі, Еңбек министрлігі, Ішкі істер министрлігі

1. 9 Шекара әскерлері қолбасшыларының Кеңесі туралы ережеге толықтырулар енгізу туралы шешім

2. Басшылыққа алу
3. Тұрақты түрде
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті, Сыртқы істер министрлігі

1. 12 Грузин-абхаз шиеленісі аймағында бейбітшілікті сақтау жөніндегі ұжымдық күштердің Қолбасшысын тағайындау туралы шешім

2. Қаперге алу
3. Тұрақты түрде
4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті